

**А.С. ҚОЙБАҚОВА** *ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: ayzhan.k.s@gmail.com*

## ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТОПОНИМДІК АТАУЛАРДЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАСТЫРЫЛУЫ

**Аңдатпа.** Топонимдік атаулар басқа сала атаулары сияқты қоғамдық даму үдерісіне қарай үнемі жаңарып, өзгеріп отырады. Олар белгілі бір елдің аумағын, географиялық нысандардың атауын сипаттайтын ұлттық тілдің сөздік құрамындағы ішкі жүйе. Жергілікті халық өздері қоныстанған жерлердің әртүрлі сипаттарына, белгілеріне қарай ат беріп отырған. Сондай-ақ сол елдің тіршілік кәсібі мен шаруашылық жағдайына қарай да атаулар қойылған. Сол себепті көптеген топонимдік атаулар белгілі бір мән-мағынаға ие болып келеді. Жалқы есімдер ретінде топонимдер тек географиялық атауларды ғана білдіретін бірлік емес, сонымен қоса тарихи-мәдени коннотацияларға бай бірліктер. Топонимдердің семантикасы нақты бір нысан туралы мәліметпен қоса, сол нысанға немесе атауға адамның қатыстығын да көрсетеді.

Бұл мақалада қазақ және қытай топонимдік атауларының лексика-семантикалық ерекшеліктері мен топтастырылуына талдау жасалады. Сондай-ақ, қазақ және қытай тілдеріндегі топонимикалық атаулардың ерекшеліктері қарастырылып, топонимдердің мән-мағынасын ашуда лексика-семантикалық топтастыру маңызды орын алатыны көрсетіледі. Зерттеудің мақсаты қытай және қазақ тілдеріндегі топонимдік атауларды салыстыра отырып, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай топтастыру. Нәтижесінде қытай тіліндегі топонимдік атаулардың бейнелі, метафоралық сипатта болатыны, ал қазақ топонимдері нақты фактілерді, тұлғаларды, т.б. көрсететіні анықталды.

Қазақ және қытай топонимдердік атауларын зерттеу осы саладағы теориялық білімді байытып қана қоймай, екі елдің мәдени алмасуы мен дамуы, ұлттық құндылықтары туралы білімді тереңдетуге, сонымен қатар топонимика туралы жан-жақты түсінуге ықпал етеді.

**Кілт сөздер:** топонимика, топонимдік атау, географиялық нысан, ономастика, лексика, семантика, антропоним.

**A.S. Koibakova***PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: ayzhan.k.s@gmail.com*

### Lexical-semantic Grouping of Toponymous Names in Chinese and Kazakh Languages

---

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Қойбақова А.С. Қытай және қазақ тіліндегі топонимдік атаулардың лексика-семантикалық топтастырылуы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №2 (128). – Б. 153–162. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.12>

**\*Cite us correctly:**

Qoibaqova A.S. Qytai jane qazaq tilindegi toponimdik ataulardyn leksika-semantikalyq toptastyrylyuy [Lexical-semantic Grouping of Toponymous Names in Chinese and Kazakh Languages] // *Iasauii universitetinin habarshysy*. – 2023. – №2(128). – B. 153–162. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.12>

**Abstract.** Toponymic names, like other field names, are constantly updated and changed according to the process of social development. They are the internal system in the vocabulary of the national language that describes the territory of a certain country, the names of geographical objects. The local people gave names according to the various characteristics and signs of the places where they settled. Names are also given according to the occupation and economic conditions of that country. That is why many toponymic names have a certain meaning. As personal names, toponyms are not units that represent only geographical names, but also units rich in historical and cultural connotations. The semantics of toponyms, in addition to information about a specific object, also shows the relationship of a person to that object or name.

This article analyzes the lexical-semantic features and grouping of Kazakh and Chinese toponymic names. Also, the peculiarities of toponymic names in Kazakh and Chinese languages are considered, and it is shown that lexical-semantic grouping plays an important role in revealing the meaning of toponyms. The purpose of the study is to compare toponymic names in Chinese and Kazakh languages and group them according to their lexical-semantic features. As a result, Chinese toponymic names are figurative and metaphorical, while Kazakh toponyms represent real facts, persons, etc. was found to show.

The study of Kazakh and Chinese toponymic names not only enriches the theoretical knowledge in this field, but also contributes to the deepening of knowledge about the cultural exchange and development, national values of the two countries, as well as a comprehensive understanding of toponymy.

**Keywords:** toponymy, toponymic name, geographical object, onomastics, vocabulary, semantics, anthroponym.

**А.С. Койбакова**

*PhD докторант Қазақстанның ұлттық университетінің атындағы аль-Фараби  
(Қазақстан, г. Алматы), e-mail: auzhan.k.s@gmail.com*

### **Лексико-семантическая группировка топонимических названий в китайском и казахском языках**

**Аннотация.** Топонимические названия, как и названия других отраслей, постоянно обновляются и изменяются в соответствии с процессом общественного развития. Они представляют собой внутреннюю систему в лексике национального языка, описывающую территорию определенной страны, названия географических объектов. Местные жители давали имена по различным характеристикам и признакам мест, где они поселились. Имена также даются в соответствии с занятием и экономическими условиями этой страны. Именно поэтому многие топонимические названия имеют определенное значение. Как личные имена топонимы представляют собой не только единицы, представляющие только географические названия, но и единицы, богатые историческими и культурными коннотациями. Семантика топонимов, помимо информации о конкретном предмете, показывает еще и отношение человека к этому предмету или названию.

В данной статье анализируются лексико-семантические особенности и группировка казахских и китайских топонимов. Также рассмотрены особенности топонимических названий в казахском и китайском языках и показано, что важную роль в раскрытии значения топонимов играет лексико-семантическая группировка. Цель исследования – сравнить топонимические названия в китайском и казахском языках и сгруппировать их по лексико-семантическим признакам. В результате определено что, китайские топонимы более образные и метафоричны, тогда как казахские топонимы представляют реальные факты, лица и т.д.

Изучение казахских и китайских топонимических названий не только обогащает теоретические знания в данной области, но и способствует углублению знаний о культурном обмене и развитии, национальных ценностях двух стран, а также всестороннему пониманию топонимии.

**Ключевые слова:** топонимия, топонимическое название, географический объект, ономастика, лексика, семантика, антропоним.

### Кіріспе

Кез келген елдің немесе аймақтың топонимиялық жүйесі ғасырлар бойы қалыптасып отырған, ол сол аймақтың табиғат жағдайларын, сол өлкені мекендеген халықтың көне және жаңа тарихын өн бойында сақтаған, ұлттың материалдық және рухани мәдениеттерінен көрініс бере алатын көптеген жалқы географиялық есімдер жиынтығы. Топоним гректің *toros* – жер, аймақ + *onima* – атау сөздерінен шыққан, яғни географиялық нысандардың атауын білдіретін сөздер. Ал топонимика топонимдерді зерттейтін ғылым, нақтырақ айтқанда географиялық атауларды, олардың мағынасы мен құрылымын, этимологиясын, топонимдердің таралу аймағын, сонымен қоса топонимдердің уақыт бойынша өзгеруін қарастырады. Топонимикаға берілген анықтамаларды қорытындылай келе, топонимика деп белгілі бір территориядағы географиялық атаулардың жиынтығын және тіл білімінің лексикология саласындағы географиялық жалқы есімдерді зерттейтін бөлімін айтамыз.

Қазақ ғылымында бұрын топонимика лексикологияның жер-су аттарын зерттейтін бір саласы деп танылып келсе, соңғы жылдары ол география, тарих және лингвистиканың түйіскен жерінде пайда болып, жеке ғылым ретінде қалыптасып келеді. Қазіргі талап тұрғысынан ономастиканы, соның ішінде топонимиканы бір ғылымның әдістерімен зерттеу жеткіліксіз, өйткені атаулардың шығу, даму тарихы айналаны қоршаған табиғатпен, түрлі әлеуметтік-тарихи өзгерістермен тығыз байланысты. Қазақ топонимдері тек этимологиясы жағынан ғана емес, құрамы мен құрылымы жағынан да күрделі. Топонимдерді лексикалық тұрғысынан зерттеу олардың семантикалық сипаты мен морфологиялық құрылымын анықтауға мүмкіндік береді.

Бірнеше ғасырлар бойы қытай тарихымен қатар, қытай тілінің тарихы да дамып келеді. Қытай тілі оқшауланған тілдер тобына жатады, бұл тілге тән көптеген ерекше белгілер бар, олар лексикология, этимология, морфология, ономастика, т.б. салаларда көрінеді. Қытай тілінің бай лексикалық қоры тіл қызметінің белгілі бір саласын зерттеумен айналысатын көптеген ғылым салаларын қызықтыратыны сөзсіз, солардың бірі – топонимика. Кез келген тілдегі сияқты қытай тілінде де жер-су атаулары дүниенің лингвомәдени бейнесінің бір бөлігі болып табылатынын, семантикалық мәнге ие екендігін, діни дүниетанымды, әдет-ғұрыпты, халықтың өмірі және басқа да рухани-әлеуметтік аспектілерді бейнелейтінін жоққа шығару мүмкін емес. Иероглифтің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты қытай топонимдері бүгінгі күнге дейін өзінің семантикалық мағынасын сақтап қалған, өйткені иероглиф ғаламның ұлттық бейнесін бекітудің ерекше белгісі.

### Зерттеу әдістері

Мақалада қолданылған зерттеу әдістері: 1) дескриптивті (сипаттамалық) әдіс: топонимдердің белгілері мен сипаттарын анықтау; 2) концептуалды талдау: топонимдер арқылы білдірілген ұғымдарды зерттеу; 3) семантикалық-салыстырмалы: қазақ және қытай топонимдерінің семантикасының салыстырмалы сипаттамасын жасау.

### Талдау мен нәтижелер

XX ғасырдың басындағы еліміздегі топонимдік атаулардың лексика-семантикалық мәселелері белгілі ономаст-ғалымдар Т. Жанұзақ, А. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаевтың,

Е. Керімбаевтың, географ-ғалым Ә. Бейсенованың және тағы басқа көптеген отандық ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектері мен мақалаларында қарастырылды. Белгілі ономаст ғалым Т. Жанұзақ: «Жер-су аттарын ғылыми тұрғыдан жүйелеп, оның лексика-семантикалық тұрғыдан топтастыруға арналған еңбектер аз емес. Қазақстан жер-су аттарының (топонимдерінің) лексика-семантикалық классификациясына назар аударудың ең басты мәні топонимдерді лексикалық тұрғыдан бөле отырып, мән-мағынасын ашу, олардың адамның іс-әрекет, тұрмысы, қоғамдық өмірімен байланысын анықтап білу болып табылады» деп қазақ ономастикасының міндеттерін көрсетеді [1, 45–46-бб.].

В.А. Никонов топонимдерді зерттеуде әртүрлі семантикалық типке бөледі. Олар: а) географиялық объектілердің белгісіне қарай; ә) объектінің қай аймаққа тәндігіне қарай; б) арнайы қойылған атаулар [1, 46-б.]. Ал А.В. Суперанская, В.Н. Топоров, А.Г. Беккер, О.Н. Трубачев, О.Т. Молчанова, А.И. Рудных, А.И. Яценко және Ғ.Қ. Қоңқашпаев, А.А. Камалов, С. Атанязов, А. Әбдірахманов, Б. Бияров, К. Қонқабаев, Қ. Рысберген, т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде бұл мәселеге басты назар аударады.

Б. Бияров классификация мәселесін қарастыра отырып, мынадай тұжырымға келеді: «Ұлттық кәсібі бір, көшпелі өмір барысында мидай араласып өскен, тілінде ала-құлалық жоқ қазақ халқының жер-су аттарын лексика-семантикалық тұрғыдан топтастырғанда жалпы ұқсастық болуы заңды құбылыс. Сондай-ақ көптеген көршілес (орал-алтай тектес) халықтардың ұқсас табиғи географиялық жағдайда қатар тіршілік жасауда дәстүрлі мәдениетінде, этнографиялық салттарында, тілдерінде, жер-су атауларында қатар қалыптасып, қатар даму нәтижесінде көптеген параллельдер, ұқсастықтар болуы да заңды. Сондықтан ономастикада жер-су аттарын лексика-семантикалық сипатына қарай топтастыру қалыптасқан» [2, 47-б.].

Топонимика ғылымының дамуында ерекше орынды белгілі географ Э. Мурзаевтың еңбектері алады. Оның топонимикалық еңбектерінде топонимиканың теориялық мәселелері, аймақтық топонимикалық зерттеулер және жергілікті географиялық терминдердің топоним қалыптастыруына қатысты мәселелер көрініс тапқан. Э. Мурзаев топонимиканы лингвистиканың тарихтың және географияның зерттеу әдістерін пайдаланатын, осы ғылымдардың теориялық негіздеріне сүйенетін дербес ғылым ретінде көрсетті. Ғалым өз еңбектерінде Орта Азия мен Қазақстандағы географиялық атаулардың қалыптасуына да, дамуына да айрықша назар аударған. А. Нұрмағанбетұлының «Жер су аты-тарихтың хаты» [3] деп аталатын еңбегінде Қазақстан жеріндегі географиялық атаулардың қысқаша шығу тарихы мен сол нысандарға сипаттама берген.

Қытайдың қазіргі замандағы топонимикасының дамуы негізінен, көне топонимика зерттеулерінің нәтижелерін, топонимикалық анықтамалықтарды құрастыру, топонимиканы стандарттауды зерттеу, шетелдік топонимика теорияларын таныстыру және Қытайдың топонимика теорияларын басшылыққа ала отырып дамуда. Апиын соғысынан кейін батыстық миссионерлер бірінен соң бірі келіп, Батыс топонимикасының заманауи зерттеу еңбектерін аударып, қытай топонимикасын зерттеуге белгілі бір ықпалын тигізген. Екінші жағынан, империалистік басқыншылық қытай ғалымдарының туған жерінің географиялық эволюциясын және жер-су атауларының эволюциясын зерттеуге деген ынтасын арттырды. Бұл тұрғыдан Ян Шоудзиннің «水经注», «水经注图», «历代輿地图», «小方壺斋輿地丛钞», «蓬萊轩地理学丛书» еңбектерінің классикалық маңызы зор болды. Бұл жинақтар Қытай географиясы мен жер-су атауларының эволюциясы жөніндегі зерттеулердің алды болатын.

1930 жылдардың басында «中国地名大辞典» («Қытай географиялық атаулар сөздігі»), «中国古今地名大辞典» («Қытайдың ежелгі және қазіргі географиялық атаулар сөздігі») жарық көрді, оған 40 мыңнан астам жер-су атаулары енді.

Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін дүние жүзінде топонимиканың дамуымен, әсіресе халықаралық алмасулардың жиі болуымен, Қытайдың топонимдік

атауларын зерттеу жұмысы жаңа дамуға қол жеткізді. Топонимдік атауларды стандарттау ғылыми-зерттеу жұмыстарының күн тәртібіне қойылып, жемісті нәтижелерге қол жеткізді. «Мәдени төңкеріске» дейін топонимдік атауларды зерттеу негізінен тарихи зерттеу нәтижелерін қорытындылауға және топонимдік атауларды стандарттауға, сондай-ақ шетелдік топонимдік атауларды зерттеуге, географиялық атаулардың теориялары мен әдістерін енгізуге бағытталды. Бұл Қытайдың қазіргі топонимикасының қалыптасуы мен дамуы үшін теориялық және деректер негізін қалады.

«Мәдени төңкерістен» кейін Қытайдағы топонимика туралы зерттеулер салауатты дамуға қол жеткізді. Ол негізінен, топонимика теориясымен, әдістемесімен, топонимиканың жүйелі, жан-жақты және қолданбалы зерттелуімен, топонимика зерттеулерінің халықаралық алмасуымен, топонимикалық басылымдардың құрылуымен және дәстүрлі зерттеу саласынан тыс топонимикалық анықтамалықтар мен топонимикалық еңбектердің жариялануымен ерекшеленді. Бұл тұрғыдан Хан Гуанхуейдің (韩光辉) «论中国地名学发展的三个阶段» [4], Хуа Линфу (华林甫) «中国地名学源流» [5] және Лю Баочуан (刘保全) «地名文化概论» [6] еңбектерін атап айтуға болады.

Мақаланың теориялық негізін топонимиканың негізін қалаған қазақ және қытай ғалымдарының еңбектері құрайды, олардың ішінде Ғ.Қ. Қоңқашпаев, Э. Мурзаев, А. Нұрмағанбетұлы, Қ. Рысберген, Чын Чяо И, Хан Гуанхуей, т.б. бар. Сонымен қоса қазақ және қытай топонимикалық сөздіктері мен этимологиялық сөздіктері, мысалы, Е. Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су аттары сөздігі» [7], Ғ.Қ. Қоңқашпаевтың «Казахские народные географические термины» [8], «Большой словарь древних и современных китайских топонимов» [9] қолданылды. Қытай топонимдерінің ерекшелігін зерттеп жүрген ғалым Нью Жучэнь [10] мен қытай және орыс топонимдік атауларын салыстырмалы талдау жасаған Ши Цзялу [11], Л. Лю [12] зерттеулері де мақаламызға арқау болды.

Қазақ және қытай тілдеріндегі топонимдік атаулардың лексика-семантикалық топтастырылуына талдау топонимдік атаулардың мынадай түрлерін анықтауға мүмкіндік берді.

1. Табиғат пен қоршаған ортаға қатысты топонимдер. Топонимдердің мағыналық құрылымы көбінесе халықтың өмір сүру жағдайына, географиялық объектінің ерекшеліктеріне және т.б. байланысты шыққан. Қазақ географиялық терминологиясын көп зерттеген Ғ. Қоңқашпаев Қазақстан табиғатының әртүрлілігіне қарай, мысалы, солтүстік өңірдің орман-тоғайлы, арқадағы шөлейтті даланы, оңтүстік аймақтардағы құмды-сортаңды алқаптар мен биік тауларда, ойлы-қырлы бедерлердің әрқайсының өзіне ғана тән жер-су атаулары қалыптасқанын айтады. «Сайып келгенде мұның өзі қазақтардың мал шаруашылық кәсібін жүргізу ерекшеліктеріне тән екендігін» көрсетеді [13]. Мысалы: Батпақкөл – көл қырат аралық ойпаңда солтүстік-батыстан, оңтүстік-шығысқа қарай созыла орналасқан. Атау «батпақты көл» тура мағынасындағы көл жағалауының құрамын белгілейді. Айнабұлақ – Абай атындағы ауылдың орталығы. «Айна» және «бұлақ» – өзен сөздерінен шыққан, яғни «мөлдір, таза өзен» дегенді білдіреді. Арқарлы таулар. Арқар – қой тұқымдас аша тұяқты жануар. Арқар сөзіне -лы қосымшасы жалғанған атау. Демек, атау «арқарлар мекен ететін жер» деген ұғымды білдіреді [14, 28-б.].

Ал Қытайдың батысы таулы жер, шығысы жазық болып келеді, соған сәйкес топонимдік атаулар қойылған. Мааншан (Maanshan – 马鞍山), Байшаншы (Baishanshi – 白山市), Хуаншан (Huangshan – 黄山), Утайшан (Wutaishan – 五台山), Пиндиншан (Pingdingshan – 平顶山), т.б.

Қытай топонимикасының ортақ форманттары - ан (an – жағалау), - ту (tu – жер, топырақ), фу (fu – тау, төбе), - лин (lin – орман), - шан (shan – тау), - лу (lu – жол), - гоу (gou – арық, арық), - ся (xia – шатқал), - тоң (tong – қоныс), - мын (men – есік, жол), - мяу (miao –

ғибадатхана), - дау (dao – арал), - дин (ding – шың), - фың (feng – үстірт), - ган (gan – төбе), - бей (bei – солтүстік), - уаң (wang – шығанақ), - хай (hai – теңіз), - хы (he – өзен), - зяң (jiang – үлкен өзен, айлақ), - юан, чюан (yuán, quán – қайнар көз, бұлақ), - юнхы (yunhe – канал), - нан (nan – оңтүстік), т.б. Мұндай форманттардың болуы географиялық объект туралы алғашқы ақпарат алуға, сондай-ақ топонимдердің түрін, оның ішінде ең көп таралған ойконимдер (елді мекендердің атаулары), гидронимдер (су объектілерінің атаулары: өзен, көл, теңіз), оронимдер (тау атаулары, жер бедерінің ерекшеліктері), т.б. анықтауға мүмкіндік береді.

Өзен-көлдер адамдардың тіршілігі мен дамуы тәуелді ресурстар болғандықтан бұл топонимдік атауларда жан-жақты көрініс табады. Қазақ және қытай топонимдерінің құрамында жиі кездесетін апеллятив – су: Ақсу, Қарасу, Қасқасу, Қызылсу, Жетісу, Көксу, т.б.

Көптеген қытай топонимдері олардың маңындағы өзен-көлдердің атымен аталады. 水 (shuǐ) - су, 海(hǎi) – «теңіз», 河(hé), 江(jiāng) – «өзен», 湖(hú) – көл. 沟 goū, 泉 quán. Мысалы: Муданзяң (Mudanjiang - 牡丹江市) қаласы, Хэйлоңзяң өлкесіндегі қала атауы (сөзбе-сөз аударғанда «Мудан өзеніндегі қала» деген мағынаны білдіреді). Ал, ежелгі ауыл атауы Сяу Сяң (Xiǎo xiāng - 潇湘) Хунань өлкесінде орналасқан, Сяу және Сяң өзендерінің тоғысында орналасқандықтан, осылай аталған екен. Линхай (Lín hǎi shì - 临海市) қаласы, Жызың өлкесіне орналасқан. Оның атауы «теңізге жақын қала» деген мағынаны білдіреді. Хычюйзюй (Héqū - 河曲县) Шанси өлкесінде орналасқан уезд атауы, «өзен иреңінде орналасқан уезд» деген мағынаны білдіріп тұр. Шаңхай (Shànghǎi - 上海) - Қытайдағы ең үлкен қала және әлемдегі халқы ең көп қалалардың бірі. Оның порттық қалаға айналуының өте қызықты және ұзақ тарихы бар. Бұл қала атауының шығу тегі қызық. Алдымен осы таңбалардың сөзбе-сөз аудармаларына тоқталайық: 上 «shàng» жоғарғы, үсті, енгізу, кіру деп аударылады; 海 – «hǎi» – теңіз, шетел деп аударылады. Егер бұл атауды сөзбе-сөз аударсақ, «жоғарғы теңіз». Бұл атау Сүн әулетіне (960–1279) қатысты. Ол кезде Янцзы мен Хуанпу өзендерінің тоғысында аттас елді мекен бұрыннан болған екен. Қытай тарихнамасы бұл атауды «теңіздің жоғарғы ағысы», «теңіз жағасы» (海之上洋 «hǎi zhī shàng yáng») деп түсіндіреді. Алайда, солтүстік диалектілердегі айтылуы бойынша, бұл «теңізге шығу», «теңізге ену» деген тікелей мағынаны білдіреді және мұндай интерпретацияның порттық қалаға қолайлырақ екенін түсіндіреді. Ал егер – 海上 «hǎi shàng» деп иероглифтерді кері тәртіпте оқылса, қала атауы «теңіздегі қала», «теңіз жағасы» деген мағынаға ие болады. Қытайда қалалардың немесе провинциялардың қысқартылған атауларын қолдану өте кең таралған. Шаңхайдың қысқартылған атауының екі нұсқасы бар. Біріншісі - Ху (hu - 沪). Ол қазіргі заманда Сужоухы (Suzhouhe - 苏州河) деп аталатын Соңзяң өзенінің (Songjiang - 松江) ескі атауынан шыққан. V ғасырда бұл жерде балықшылар ауылы пайда болған. Жергілікті тұрғындар «ху» деп аталатын арнайы бамбук құралдарымен балық аулаған, сондықтан өзен Худу (hudu - 扈渚) деп аталған. 扈 иероглифі кейінірек 沪 болып өзгертілген. Қысқартылған атауының екінші нұсқасы - Шын (shen - 申). Бұл атау біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда өмір сүрген көктем кезеңінің ежелгі билеушісі Чуншын Цзюнь (Chun Shenjun - 春申君) есіміне қатысты. Оның иелігінде қазіргі Шаңхай территориясы болды және бұл жерлерде Чуншын Цзюньге қаһарман ретінде құрмет көрсетілген. Көбінесе «Шын қаласы» дегенді білдіретін Шынчэн (Shencheng - 申城) атауын да кездестіруге болады. Бір қызығы, батыста Шаңхайдың көптеген басқа атаулары бар, олардың арасында «Шығыс Парижі», «Шығыс патшайымы» және «Шығыс інжу-маржаны». Мұндай атаулар – Шаңхайдың қонақжайлылығының, оның батыстық сәні мен шығыстық стилінің ерекшелігі мен ежелгі сәулет ғимараттарының және тағы басқалардың нәтижесі.

2. Пайдалы қазбаларға байланысты топонимдер. Қазақстан – мұнай, көмір және басқа да табиғи ресурстар қорларына бай ел. Оларды өндіру кен орындарының маңайында елді мекендер мен қалалардың пайда болуына ықпал еткен, сондай-ақ мұны жер атауларынан да көреміз. Мысалы: Жезқазған, Мұнайлы, Кентау, Хромтау, Рудный, Жезді, Теміртау, Күмісті, т.б.

Қытай елі де минералды ресурстарға бай және олардың негізінде көптеген өнеркәсіптік қалалар бар, олардың көпшілігі өндірілген ресурстардың атымен аталады. Мысалы, Қытайдағы Байин қаласы (Baiyin - 白 银 «ақ күміс») Гансу провинциясының шығыс бөлігінде орналасқан, Хуанхы өзенімен шектеседі. Бұл қала атауы күмістің отаны болғандықтан, осылай аталған. Сол сияқты Тиелин қаласы (Tielin - 铁 岭 «темір таулар») Ляонин провинциясының солтүстік бөлігінде орналасқан және қала аумағында таулар темір рудасына бай; Тоңлиң (Tongling 铜 陵 «мыс таулары») Анхуей провинциясының оңтүстік бөлігінде орналасқан және оның аумағындағы тауларда мыс кенінің бай қоры бар. Дае қаласы (Daeshi - 大 冶 市) Хубей өлкесінде орналасқан қала атауы, мағынасы «үлкен металлургия қаласы» дегенді білдіреді. Бұл қала атауы, айтып тұрғандай, қазіргі заманда Қытайдың ең үлкен темір рудасын өндіретін кен орны. Шандоң өлкесіндегі Лайу (Laiwushi - 莱 芜 市) қаласының маңында 冶 «металлургия» деген сөзді білдіретін иероглифі бар көптеген ауылдар орналасқан. Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында Вынчуансюан (Wenquanju - 温 泉 县) деп аталатын уезд бар. Оның атауы бұл жерде термальды бұлақтар (温 泉 ынчуан «жылы бұлақ») көп болғандықтан берілген. Сол сияқты Цзинан (Jinan) қаласы да минералды суларымен атақты. Бұл қаланың бейресми атауы Чуанчэн (Chuancheng - 泉 城 «қайнар бұлақ – қала»). Лхасада жыл бойы күн сәулесі өте қызу болатындықтан оны Жыгуанчэн (Riguangcheng - 日 光 城 «күн қаласы») деп те атайды.

3. Өсімдік, ағаш атауларымен байланысты топонимдер.

Қандай да бір аймақта белгілі бір өсімдік түрінің басым болуы сол өсімдіктің атауымен аталатын жер атауының пайда болуына ықпал етеді. Алмалы, Алматы, Теректі, Қайыңды, Қарағайлы, Қайыңдықөл, Ойқарағай, Жыңғылды, Ерменсай, Бақбақты, Доланалы, Жалқамыс, Аршалыбеткей, Қызылжиде, Жиделі, Қосағаш, Қызылағаш, т.б.

Қытайда өсімдік, жеміс-жидек атаулары топонимдік атауларында ара-тұра кездеседі, мысалы: Таюан (Taoyuan - 桃 园 – «шабдалы бағы»), Лиулин (Liulin - 柳 林 – «талды орман»), Лиюан (Liuyan - 梨 园 «алмұрт бағы»). Қытайдағы кейбір топонимдік атаулар аталатын жер пішінінің белгілі бір өсімдікке ұқсайтынына байланысты да қойылған. Мысалы, Лян (Lian - 莲 лотос) қаласы лотос гүліне ұқсайтын тау сілемінің пішініне байланысты аталған. Хулу аралының (Huludao - 葫 芦 岛 «асқабақ арал») атауы да пішіні асқабаққа ұқсағандықтан қойылған. Шандоң өлкесінің Инан уездінде Пяолин (Piaolin - 票 林 «талшынды орман»), Шызылиң ( Shiziling - 柿 子 岭 «құрма төбешік»), Таоүй (Taoyu - 桃 峪 «шабдалы алқабы») атты ауылдар бар.

4. Жануарлар мен жәндіктердің, аң-құстардың атауларына байланысты топонимдер.

Қазақ топонимдерінің ішінде жан-жануарлар мен жәндіктердің, аң-құстардың аттары өте жиі кездеседі: Арқаркөл, Арқарандыз, Аюбасқан, Аюқамаған, Аюлықаратал, Бура, Бұғылы, Бұлантал, Бүркітті, Бөрілі, Борсықағаш, Есекартқан, Ешкіөлмес, Жыланды, Итемір, Итсары, Қарғалы, Қасқыр қамаған, Қасқырлы, Қоңырқасқыр, Қырғауылды, Қойтас, Қоянды, Қоянқұс, Түлкібас, Түлкіалған, Түлкішықпас, Тұзаққұрған, Тұйғынтүскен, Шағалалы, Шәулі ұстаған, Шошқалы, Үкі атқан, Үкілі, т.б.

Қытайда жануарларға байланысты атаулардың көпшілігі аймақтың жер бедері мен белгілі бір жануардың ұқсастығына байланысты қойылған: Баузи (Baoji - 宝 鸡 – «асыл тауық») тау сілемінің пішіні тауыққа ұқсайтындықтан аталған; Фейлоң (Feilong - 飞 龙 -

«ұшатын айдаһар») Сычуань провинциясының Вушен қаласында орналасқан, картадан қарағанда ұшатын айдаһарға ұқсайтындықтан осылай аталған. Цзифэң тауы (Jifeng - 鸡峰 «тауық тау») өйткені тау тізбегі пішіні жағынан тауыққа ұқсаған. Қазақ топонимдік атауларында тауық, айдаһар атаулары кездеспейді.

#### 5. Экономика мен шаруашылыққа қатысты топонимдер

Қазақ халқында көшпелі өмір сүру жағдайына байланысты топонимдік атаулар көп кездеседі: Қалмақасу, Есекартқан, Жетіжол, т.б. Жер шаруашылығына байланысты атаулар: Жаңақұрылыс, Егінсу, Қызыларық, Тастыөзек, Тастөбе, Дикан, Жерсуат, Тұздыбастау, Бестоған, т.б.

Қытай топонимдерінің атауына шаруашылықтың дамуы мен аймақта жүргізілген шаруашылық қызметі айтарлықтай әсер еткен. Қытайда сауданың дамуын көрсететін көптеген жер атаулары бар, мысалы, Люзяо (Liujiaoyao - 刘家窑 «Лю отбасының пеші») Шансиде орналасқан және оны пешті басқаратын және сол жерде кірпіш күйдіретін Лю отбасы құрметіне атаған; Лиюан (Liuyan - 梨园 «алмұрт бағы») Хыбей провинциясындағы Синзи қаласында орналасқан және оны күнкөріс үшін алмұрт өсіретін фермерлер құрметіне атаған. Сонымен қатар ауыл атауларының бұл санатына Яңжуан (Yangzhuang - 羊庄 «қой ауылы»), Мажуан (Mazhuang - 马庄 «жылқы ауылы») және Юй Ші (Yushi - 鱼市 «балық базары») атауларын жатқызуға болады.

#### 6. Антропонимдерден жасалған топонимдер.

Қазақ тілінде антропонимдер топонимдермен тығыз байланысты, себебі еліміздегі көптеген топонимдерге адам есімдері мен фамилиялары берілген: Абай, Жамбыл, Жәнібек, Қонаев, Нұр-сұлтан, т.б. Батырлар мен ақындардың, ел басқарған ерлердің, мәдениет қайраткерлерінің есімдері ұлттық топонимдерде көрініс тапқан. Мысалы: Қансүйек – Қарағанды облысындағы ауылдың аты. Нұра жағасында жерленген, аты аңызға айналған Қансүйек батырдың атымен аталған. Тәттімбет атындағы ауыл – бұрынғы «Арқалық» совхозы. Халық композиторы-күйші, шертпе күй орындау мектебінің негізін қалаушы Тәттімбет Қазанғапұлының (1815–1862) құрметіне аталған. Райымбек – өзен, ауыл, аудан атауы. Қазақтың белгілі батырының есімі (антропоним). Райымбек жоңғарларға қарсы соғысқа он жеті жасында қатысып, батыр аты сонда шығады.

Қытайда мұндай топонимдер екі түрге бөлінеді: біріншісі, атауларында белгіленген аймақта өмір сүрген алғашқы адамдардың есімдері бар топонимдер Шызияжуан (Shijiazhuang - 石家庄) – Шы әулетінің ауылы; екіншісі, сол аймақта ең көп таралған фамилиямен аталған топонимдер: Тянжуан (Tianzhuang - 田庄) – Тянь отбасы ауылы. Гуандұң өлкесінде орналасқан Жуңшан (Zhongshanshi - 中山市) қаласы бұрын атакты революционер Сүн Жуңшанның (Сун Ятсен) туған жері Сяншан қаласы болатын. 1925 жылы ол қайтыс болған соң Сяншань уезді Жуңшан қаласы болып өзгертілді. Хыбей өлкесіндегі Хуанхуа (Huanghuagang - 黄骅港) порты жапонға қарсы соғыс батырының есіміне байланысты қойылған.

Топонимдерді талдай келе, қазақ тіліндегі антропонимдерден жасалған топонимдер негізінен, белгілі тұлғалардың есімдерінен шыққанын, ал Қытайдағы антропонимдік топонимдердің көп бөлігін әулеттердің тегі немесе фамилиялар құрайтынын көруге болады. Қазақ тіліндегі антропонимдік топонимдер атаулары елдің мәдениетіне, саясатына, экономикасына және әскери ісіне елеулі үлес қосқан ұлт қайраткерлері мен басқа да тұлғаларға деген халықтың құрметі мен сүйіспеншілігін білдірсе, екінші жағынан, халықтың терең сағынышын көрсетеді.

Қазақстан мен Қытай топонимдерінде көрініс тапқан өзіндік діни ұғымдары бар. Мысалы, Қарағанды облысы, Нұра ауданында Айсакөл атты көл бар. Атау қазақ тіліне араб тілінен енген. Айсә Иса атауының арғы шығу тегі (Исус) көне еврей сөзімен байланысты. Алдабергенсай - Қарағанды облысы, Ұлытау ауданындағы өзен атауы. Бұл араб және қазақ



тіліндегі сөздерден бірігіп жасалған атау. Алда – арабтың Алла – құдай деген сөзі де, берген – қазақ тіліндегі сөз. Ал соңғы сай сөзі - географиялық термин. Сонымен қатар Шайтансай (сай, Ақтөбе обл.), Әулие (тау, Жамбыл обл.), Әулиетөбе (тау, Қарағанды обл.), Әулиешоқы (тау, Алматы обл.) сияқты, т.б. атауларды кездестіруге болады.

Қытайдың да өз діни дәстүрлері бар: Сяньюэцзюй (Xianyouji - 仙游县 «құдайлар саяхаттайтын өлке»), Вынчаң (Wenchang) көшесі, Вынсин (Wenxin) қалашығы және Вынцюй (Wenqu) жолы сияқты діни құдайлардың атымен аталатын жер атаулары Вынчаңсин (Wenchangxing - 文昌星 Вынчаң атты жұлдыздың атымен байланысты. Бұл адамдар сәттілік пен мансап үшін дұға ететін құдай, көптеген адамдар емтихан алдында осы Вынчаңсинге табынады.

Қытай тілінде топонимикасында бес бағытты білдіретін иероглифтер: шығыс (dong-东), батыс (xi - 西), оңтүстік (nan - 南), солтүстік (bei -北), орталық/орталық/орта (zhong - 中) топонимдерінің құрамына кіреді. Мысалы: Нанчаң (Nanchang), Нанкин (Nanjing), Бейжің (Beijing), Шандон (Shandong), Жұңго (Zhongguo). Ал қазақ топонимдік атауларында бұл сөздер кездеспейді.

### Қорытынды

Топонимдер – қандай да бір елдің тілі мен мәдениетін, ұлттық тарихын, халықтың этникалық тәжірибесі мен дүниетанымы туралы білімді семантикасында сақтайтын сөздік. Бұл әсіресе топонимдері құрылымы жағынан іс жүзінде өзгермейтін иероглифтерден тұратын қытай тіліне қатысты. Қазақ және қытай тілдеріндегі топонимикада атаулардың лексика-семантикалық жағынан ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар.

Қазақ тілінде де, қытай тілінде де топонимдер белгілі бір жердің қоршаған ортасының ізін қалдырады (рельеф, су айдыны және т.б.). Өртүрлі табиғи ресурстар топоним атауларында да (өсімдіктер, пайдалы қазбалар), әсіресе кен орындары ашылған жерлерде қалыптасқан өнеркәсіптік қалалардағы көрініс тапқан. Қытайдағы өсімдік атауларының өзіндік ерекшелігі бар, өйткені кейбір жерлер сол аймақта белгілі бір өсімдіктің басым болуымен ғана емес, өсімдіктің пішініне ұқсастығымен де аталған, сондықтан топоним жасауда бейнелі әдіс қолданылған. Қытайдағы антропонимдермен байланысқан атаулардың да лексикалық-семантикалық ерекшелігі бар, егер Қазақстанда топоним көбінесе қайраткерлердің бірінің атымен аталса, Қытайда топонимдер құрылымында ұжымдық антропонимді (территорияда ең көп таралған фамилия немесе әулеттің аты) қамтиды.

Қытай тіліндегі топонимдер ұлттың эстетикалық қабылдауын көрсететін бейнелі, метафоралық сипатта болса, қазақ топонимдері нақты фактілерді, тұлғаларды, т.б. көрсетеді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2008. – 240 б.
2. Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері: монография. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.
3. Нұрмағамбетұлы Ә. Жер-судың аты – тарихтың хаты. – Алматы: Балауса, 1994. – 239 б.
4. 韩光辉. 论中国地名学发展的三个阶段. - 北京: 北京社会科学, 1995. – 44 页.
5. 华林甫. 中国地名学源流. - 北京: 人民出版社, 2010. – 133 页.
6. 刘保全. 地名文化概论. - 北京: 中国社会出版社, 2018. – 247 页.
7. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
8. Конкашбаев Г. Словарь казахских географических названий. – Алма-Ата: Изд-во Акад. наук КазССР, 1963. – 185 с.

9. Дай Цзюньлян. Большой словарь древних и современных китайских топонимов. – Шанхай: Издательство Шанхайского словаря, 2005. – 3408 с.
10. Нью Жучэн. Китайская культурная топонимика. – Пекин: Китайское научно-техническое издательство, 2018. – 755 с.
11. Ши Цзялу. Сравнительный анализ топонимов в русском и китайском языках в аспекте лексико-семантических особенностей номинации // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2021. – №6. – С. 1934–1937.
12. Лю Ли. Способы и мотивы наименования географических объектов в китайском и русском языках // Litera. – 2021. – №5. – С. 97–105.
13. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины. – Алматы: Наука, 1951. – 367 б.
14. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. – 204 б.

#### REFERENCES

1. Januzaq T. Qazaq onomastikasy [Kazakh onomastics]. – Pavlodar: S. Toraygyrov atyndagy Pavlodar memleketik universiteti, 2008. – 240 b. [in Kazakh]
2. Biyarov B. Jer-su attarynyn sozjasamdyq ulgileri: monografiia [Word-formation patterns of land-water names: monograph]. – Almaty: Memleketik tildi damytu instituty, 2012. – 460 b. [in Kazakh]
3. Nurmagambetuly A. Jer-sudyn aty – tarihtyn haty [The name of land and water is a letter of history]. – Almaty: Balausa, 1994. – 239 b. [in Kazakh]
4. Huang Guanghui. Lun Zhongguo dimingxue fazhan de san ge jieduan [On the Three Stages of the Development of Toponymy in China]. – Beijing: Beijing shehui kexue, 1995. – 44 p. [in Chinese]
5. Hua Linfu. Zhongguo dimingxue yuanliu [The origin of toponymy in China]. – Beijing: Renmin chubanshe, 2010. – 133 p. [in Chinese]
6. Liu Baoquan. Diming wenhua gailun [Introduction to Place Name Culture]. – Beijing: Zhongguo shenhu chubanshe, 2018. – 247 p. [in Chinese]
7. Qoishybaev E. Qazaqstannyn jer-su attary sozdigi [Dictionary of place-water names of Kazakhstan]. – Almaty: Mektep, 1985. – 256 b. [in Kazakh]
8. Konkashbaev G. Slovar kazahskih geograficheskikh nazvaniy [Dictionary of Kazakh geographic names]. – Alma-Ata: Izd-vo Akad. nauk KazSSR, 1963. – 185 s. [in Russian]
9. Dai Junlian. Bolshoi slovar drevnih i sovremennyh kitaiskih toponimov [A big dictionary of ancient and modern Chinese place names]. – Shanghai: Izdatelstvo Shankhaiskogo slovaria, 2005. – 3408 p. [in Russian]
10. Nyu Juchen. Kitaiskaia kulturnaia toponimika [Chinese cultural toponymy]. – Pekin: Kitaiskoe nauchno-tehnicheskoe izdatelstvo, 2018. – 755 s. [in Russian]
11. Shi Tszyalu. Sravnitelnyi analiz toponimov v russkom i kitaiskom iazykah v aspekte leksiko-semantichestikh osobennostei nominacii [Comparative analysis of toponyms in Russian and Chinese in terms of lexical and semantic features of the nomination] // Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. – 2021. – №6. – S. 1934–1937. [in Russian]
12. Lyu Li. Sposoby i motivy naimenovaniia geograficheskikh obiekto v kitaiskom i russkom iazykah [Methods and motives for naming geographical objects in Chinese and Russian] // Litera. – 2021. – №5. – S. 97–105. [in Russian]
13. Konkashpaev G.K. Kazahskie narodnye geograficheskie terminy [Kazakh folk geographical terms]. – Alma-Ata: Nauka, 1951. – 367 s. [in Russian]
14. Abdirahmanov A. Toponimika jane etimologija [Toponymy and etymology]. – Almaty: Gylym, 1975. – 204 s. [in Kazakh]